



ШЕТЕЛДІК МҰНАЙ
КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАМЫЗДЫ
ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІН
АРТТЫРУ КЕРЕК

4-бет



ҚҰЛДЫҚ
САНАДАН
ҚАШАН
ҚҰТЫЛАМЫЗ?..

7-бет



ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР
ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№16 (1042) 17.04.2023 жыл

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕРТІНЕН ҚАШАН АЙЫҒАМЫЗ?



БЕЙМӘЛІМ
ТАНЫС
БЕЙНЕЛЕР

8-9
бет



3
бет

Ашығын айтсақ, біздің елімізде жемқорлықтың жегі құрты дендемеген саланы күндіз майшаммен іздесеңіз де таба алмайсыз. Ол үшін босқа арамтер болып әуреге түсудің қажеті жоқ. Тәуелсіз және ресми ақпарат көздерінде жарияланатын хабарлардан ақ соны анық аңғаруға болады. Ал шындап тексерсе жемқорлыққа қатысты қылмыстарды түгелдей тізіп шығудың өзі мүмкін болмай қалады. Қатардағы денсаулық сақтау мекемелері мен мектептерден бастап, сонау жоғарыдағы мемлекеттік қызметтерге дейінгі аралықты түгелдей жаулап алған. Жемқорлықпен қиян-кескі күрес жүргізіп жатырмыз деп ұрандатқанмен мемлекет қаржысын, яғни халықтың несібесін жымқыру әлі де жалғасуда.

ЖАНАРМАЙ ҚЫМБАТТАСА ХАЛЫҚТЫҢ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОПТАРЫН ҚОРҒАУ ҚАРАСТЫРЫЛСЫН

«Ақ жол» жанар-жағармайдың қымбаттауына байланысты жағдайы төмен отбасылар мен әлеуметтік тауар өндіретін ШОБ-қа қолдау көрсетуді ұсынды. Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын Асқар Садықов жариялады.

4
бет



МЫҢМЕН
ЖАЛҒЫЗ
АЛЫСҚАН
ӨНЕРТАПҚЫШ

6-7
бет

ТРАДИЦИОННЫЙ ИСЛАМ И НАЦИОНАЛЬНАЯ КУЛЬТУРА

7 апреля 2023 г. в Акорде был проведен ауызашар от имени главы государства. На ауызашар были приглашены государственные и общественные деятели, ученые, врачи, педагоги, представители этнокультурных объединений, главы дипломатических миссий, деятели культуры, сотрудники спасательных служб.



10
бет

ӘЛЕУМЕТТІК АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғаринды қабылдады

Президентке еліміздің сауда саласының былтырғы даму қорытындысы, Үкіметтің бағаны тұрақтандыру және қазақстандықтарды отандық азық-түлікпен толық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы айтылды.

Серік Жұманғариннің айтуынша, 2022 жылы Қазақстандағы тауар айналымының жалпы көлемі – 134,4 миллиард долларға жеткен. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 32,1 пайызға көп. Қызмет көрсету саудасы 26,3 пайызға өсіп, 12,3 миллиард долларды құраған. Қазақстанның барлық негізгі сауда серіктесімен өзара тауар айналымында өсім байқалады.



Өңделген өнімдер экспорты 26,5 миллиард долларға көтеріліп, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетіпті. Министрдің айтуына қарасақ ол басқарып отырған сала жұмысы өрлеп тұр, тағы да сол әдеттегідей әдемі есеп беруді байқаймыз. Ал жанармайдың қымбаттауына байланысты тек қана әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қана емес, өзге де халық тұтынатын тауарлардың бағасы қалай болмақ? Халықты сауда

көлемінің өсу пайызынан бұрын осы жағы көбірек толғандырады. Өйткені олардың сатып алу мүмкіндігі төмен.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және ауыл шаруашылығын дамыту, қосымша құны жоғары қазақстандық тауарларды экспортқа белсенді түрде шығару жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

АУЫЛДАРДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысының жарлығын іске асыру үшін Үкімет Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Премьер-министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылдың басында республикада 6 295 ауылдық елді мекен бар, онда ел халқының 38,2%-ы немесе 7,5 млн адам тұрады екен. Тұжырымдама ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуге бағытталған. Оның аясында ауыл

тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған.

Құжатта «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында республика бойынша ауыл тұрғындарының 90%-ы өмір сүріп жатқан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдық елді мекенді кешенді жаңғыртуға баса назар аударылған. Негізгі мақсаттардың бірі – ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, кең жолақты интернет және ғарыштық байланысы

тартылады, ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, мұражай және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамада басқа да көптеген іс-шаралар көзделген.

Ашығын айтсақ, бізде осы тектес қабылданған құжаттар мен бағдарламалар жетіп артылады. Бірақ одан түбегейлі оң өзгерістер бола қойған жоқ. Баяғыдағы үш жылды ауылға арнағандай, бұл жолғы тұжырымдама да тағы тұйыққа тіреліп қалмай ма?..

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ АҚСАП ЖАТЫР

Мәжілістің жалпы отырысында депутаты Ирина Смирнова Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, педагогтердің біліктілігін арттыру мәселелерін көтерді.

Депутаттың пікірінше жаппай мектеп ұстаздарына арналған «Өрлеу» педагогтердің біліктілігін арттыру институты» 10 жылдан астам іс жүзінде монополиялық қызметке айналған. Нәтижесінде, педагогтердің білім сапасын арттыру былай тұрсын, оқушылардың оқу үлгерімін төмендетіп барады. Осынау олқылықтың салдарынан мұғалімдердің аттестаттаудан өту нәтижелері де төмендеп кеткен. 2020 жылы қатысушылардың 59,1% аттестаттаудан өтпесе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 74,2 пайызға жеткен.

Аттестаттаудағы сұрақтардың мазмұнына да шағымдар көп. «Жылдар өткен сайын маңыздылығын жойған сұрақтардың ұстаздарға, оқушыларға қажеттілігі қанша?» - дейді депутат.

«Оқушылардың, мұғалімдердің білім сапасын арттыру үшін жоғарыда аталған жайттарды жіті зерттеп, зерделеп, мемлекет мүддесі жолында білім беру жүйесіндегі өзгерістерді дереу қарастыру сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және аттестаттау мәселелері бойынша жұмыс тобын құру туралы ұсыныс жасады. Тіпті біліктілікті арттыру мақсатында мемлекеттік тапсырысты беріп отырған және оны орындаушы органдарға аудит жүргізу қажеттігін айтты.



АЛМАТЫНЫҢ ТАУЛЫ АУДАНДАРЫНДА ҚҰРЫЛЫС ТОҚТАТЫЛСЫН

Депутат Андрей Лукин Алматының таулы және тау бөктеріндегі аудандардағы құрылысқа мораторий жариялауды ұсынды.

Сенатордың айтуынша, Алматының тау бөктеріндегі заңсыз және ретсіз құрылыстар жұртшылықты толғандырып отыр. Оның үстіне, құрылыс салу мен алма бақтарын құртқа байланысты даулы жанжалдар да оқ.

«Жекеменшік құрылыс компаниялары бизнесті тексеруге мораторийді алға тартып, шаруа қожалығы мен бау-бақшаға арналған жердің мақсатын жеке тұрғын үй салуға өзгертіп, тау бөктеріндегі аймақтарда көпқабатты тұрғын үй кешендері құрылысын салуды жалғастырып келеді. Тау бөктерінің жұмсақ құрамы күрделі құрылысқа жарам-

сыз екені белгілі. ТЖМ бұл учаскедегі құрылыс техногендік сипаттағы көшкіңдерге әкелуі мүмкін екені бірнеше рет хабарлап еткен болатын» - деді ол Үкімет басшысының атына жолдаған депутаттық сауалында.

Тау етегіндегі жерлерді сату туралы хабарландырулардан көз сүрінеді. Бұл жерлер бір кездері шаруа қожалықтары ретінде берілген болатын. Ал қазір коттедж қалашықтары, таунхаустар және үйлердің «ен жақсы орын» ретінде сатылып жатыр. Депутат мұның бәрін босқа айтқан жоқ. Сондай-ақ ол Алматыдағы аудандардың экологиялық күйі мен тау бөктерінің ерекше сұлу табиғаты кейбір топтың пайдаға кенелу мен баюға құнығына байланысты жойылып кетуі мүмкін деп дабыл қақты. Сенатор Үкіметке осы мәселені қолға алуды ұсынды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНСІНБЕЙДІ

Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаев қазақ тілінің жағдайын көтеріп, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевқа сауал жолдады.



Оның айтуынша, заңмен бекітілген биік мәртебесіне қарамастан, бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет саласында ана тіліміздің ресми деп саналатын орыс тілінің тасасында қалып отыр. «Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тестілеуден өту үшін – мән белгіленбейді» деп жазылған. Демек бұл, мемлекеттік қызметке өту барысындағы тапсырылатын тестілеуде қазақ тілінің қажеттілігі жоқ екенін білдіреді, - деді депутат.

Ол мысал кетіре келе, «Б» корпусының мемлекеттік қызметке өту сынағында 9 нор-

мативтік құқықтық актілер бойынша қамтылған 130 сұрақтың белгілі бір мөлесі көрсетілген. Ал қазақ тілінен өту межесі айқындалмаған. Мұсабаев бұл ана тілге деген құрметтің мүлдем жоқтығын көрсететінін айтты.

Бізге түсініксіздігі, мемлекеттік қызметке өткен азаматтарға берілетін сертификатта «Үміткер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден сәтті өтті» деп жазылады. Бұл анық көз бояушылық емес пе? Осыған орай мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде өткізілетін тестілеу кезінде қазақ тілі есепке алынып, үміткер 100% мемлекеттік тілден оң нәтиже шығару деген нормалар енгізілсін, - деп ұсыныс айтты.

ЖАНАРМАЙ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен Үйлестіру орталығының отырысында ішкі нарықты мұнай өнімдерімен, оның ішінде дизель отынымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылды.



Энергетика министрі Алма-садам Сәтқалиевтің айтуынша, қазіргі кезде республикада 309 мың тонна дизель отынының жиынтық қоры бар. Сәуір айында тағы 441 мың тонна отын өндірілмек. Сондай-ақ мемлекет өндірісін қамтамасыз ету үшін Шымкент МӨЗ-ін жөндеу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталып, мұнай өнімдерін жөнелту басталып кетті. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен отын тапшылығы бар өңірлердегі жанармай құю бекеттеріне басымдық берілмекші.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың ақпаратынша, өткен аптада 3 мыңнан астам жанармай құю станциясына талдау жүргізілген. Бұл ретте отын бола тұра, сауда-саттық көлемі азайып кеткен нысандарға ерекше назар аударылды. Яғни сатушы шектеу белгілері орын алған. Еліміз бойынша барлығы осындай 152 жанармай құю бекеті анықталып, барлық фактілер бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр. Роман Скляр өңірдегі штабтар белсенді түрде әрекет етіп, тұрақты рейдтер өткізуі керектігін тапсырды.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС НАҚТЫ НӘТИЖЕ БЕРЕ МЕ?

Премьер-министр Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар, Бас прокуратура, БҚДА, ҚМА және басқа да ведомстволар басшылығының қатысуымен Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Қатысушылар мұнай-газ саласының маңызды инфрақұрылымдық объектілерін мемлекет меншігіне қайтару барысын, теміржол жүк тасымалы нарығындағы жасанды монополияларды жою жөніндегі шараларды және астық тасымалдау нарығы субъектілерінің тауапкершілігін арттыру тетіктерін талқылады.

Премьер-министр алдағы

уақытта нақты экономикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін басталған істер бойынша рәсімдерді және жалпы экономиканың негізгі секторларын демонополизациялау қарқынын жеделдетудің маңызын атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша монополияға қарсы іс-шаралар енді басталғанға ұқсайды. Белгілі бір өндірістік саланы немесе ірі өндірісті жеке-дара иемденгендер ел экономикасына кері әсерін тигізіп келеді. Халық тұтынатын тауарлар бағасының негізсіз көтерілуі де монополистердің тойымсыз тәбетіне байланысты. Сондықтан демонополизация атты бұл шараның маңызы өте зор. Халық одан нақты нәтиже күтеді.

Ашығын айтсақ, біздің елімізде жемқорлықтың жегі құрты дендемеген саланы күндіз майшаммен олдесеңіз де таба алмайсыз. Ол үшін босқа арам-тер болып әуреге түсудің қажеті жоқ. Тәуелсіз және ресми ақпарат көздерінде жарияланатын хабарлардан-ақ соны анық аңғаруға болады. Ал шындап тексерсе жемқорлыққа қатысты қылмыстарды түгелдей тізіп шығудың өзі мүмкін болмай қалады. Қатардағы денсаулық сақтау мекемелері мен мектептерден бастап, сонау жоғарыдағы мемлекеттік қызметтерге дейінгі аралықты түгелдей жаулап алған. Жемқорлықпен қиян-кескі күрес жүргізіп жатырмыз деп ұрандатқанмен мемлекет қаржысын, яғни халықтың несібесін жымқыру әлі де жалғасуда.

Ал, енді сол құрылыстың біздегі жағдайы қандай?..

Елімізде құрылыс аз салынып жатқан жоқ. Оны мойындауымыз керек. Бірақ оның сапасы сын көтермейді. Ондай үйлерде тұрудың өзі қауіпті. Құдай бетін аулақ қылсын, ертең Түркиядағыдай қатты жер сілкінісі бола қалса, қазіргі тұрғызылған үйлердің түгі қалмайды. Бұл туралы сарапшылар да, маманар да айтып жатыр.

Құрылыстың сапасыз жүргізілуі отыз жылдан бері тұрақты айтылып келеді. Бірақ нәтиже жоқ, баяғы жартас, сол жартас. Қарағанды қаласындағы Бесобадағы үйлердің құлауы, Алматы қаласы Зерделі ықшам ауданында үйлердің өздігінен қисайып, тұрғындардың үрейін ұшыруы жұрттың есінде. Қауіпті үй тұрғындарының айтуынша, Зерделі ықшам ауданында 30 үйдің сапасы сыр берген. Қабырғадағы сызаттар ұлғайып,

«Театр киім ілгіштен басталады» демекші, қандай құрылыс болсын тендер дегеннен басталады. Жабайы капитализмнің жемқорлары ойлап тауып, тәжірибеге енгізген бұл «тендер» деген тажал белгілі бір мақсатқа бюджеттен бөлінген қаржыны бөліске салып, қалтаға басудың тамаша әдісі десек артық емес.

Соңғы жылдары экономикалық және қоғамдық саланы жаппай жайлап алған жемқорлық қылмыс туралы тұрақты айтылып келеді. Басқасын қойғанда мемлекет басшысы да халыққа жолдауларында үнемі еске салып тұрады. Президент айтқан сон амал жоқ кимыл көрсету керек. Төменнен «Жемқорлықты жойып жатырмыз!» деп жоғарыға жалған есеп береді. Сол жемқорлықты мемлекеттік ауқымда тұғызатын, барлық салалар бойынша бюджеттен бөлінген мақсатты қаржыларды жұмсауға

нады, жұмысшылардың жалақысын кысқартады. Нәтижесінде, тәжірибе көрсетіп отырғандай үйлер құлап, өкінішті зардаптарға соқтырады.

Құрылыс ережесі бойынша жұмыстың сапалы болуы үшін оны мастер-прорабтар тұрақты түрде бақылауға тиісті. Оған қоса құрылыс нысанын жоспарлаған ұйым жұмыстың жоба талаптарына сәйкес жүргізілуіне авторлық бақылау жасап, Архитектура және қала құрылысы департаменті де белгіленген нормалар бойынша техникалық қадағалау жасауға міндетті. Сол сияқты тапсырыс беруші ұйым мердігер ұйыммен технологиялық келісімшарт жасасып, соған сәйкес құрылыс сапасына бақылап, құрылыс жұмысы аяқталғаннан кейін жұмыс комиссиясын құрып, пайдалануға берілетін тұрғын үй кешенін қабылдайды. Содан кейін барып осы

«Солай болар. Өздері солай айтып жүр ғой» деген қасында отырған адамға одырая қараған қария: - «Саясаттан садақа кетсін! Қайдағы саясат! Олар бір маңызды саяси мәселені шешіп жатыр ма? Өздеріне сеніп тапсырған аудан, қала, аймақтың әлеуметтік-тұрмыстық мәселесін шеше алмай жатып саясат олардың не тәні? Қала мен ауданның шаруашылығын игере алмаған адамнан қандай саясаткер шықпақшы, қалай жол сілтемекші қандай жаналық ашып халықтың тұрмысын жақсартпақшы?! Дәп осыларға қарағанда бұрынғы колхоздың бригадирлері өз ісіне мығым болатын. Қазіргідей машина мініп, қолына қалта телефон ұстамаса да, атқа мініп жүріп-ақ өзіне тапсырылған міндетті мінсіз атқаратын. Бөкесін креслодан көтере алмайтын, халықтың жағдайын ойламайтын басшыны саясаткер деу сандалғандық!» деп барып қария өзін тоқтағанды. Қария қатты кеткенмен, ашығын, әділдігін айтты. Әрбір әкім өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз, адал атқарса бүгінгі қоғам мүлдем басқаша болар ма еді.

Бәрі де ку құлқынның кесірі. Министр болсын, әкім болсын жоғары лауазымға бізде тек жеу, ұрлау үшін баратын секілді. Бұл біздегі отыз жылда қалыптасқан жемқорлық жүйенің жемісі. Жемқорлар қазір де өзін еркін сезінеді. Қиындық бола қалса ақшасын арқалап шетелге қашып кететін үрдіс пайда болды. Бұрынғы Сенат төрайымы Дарига Назарбаева, Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин, кезіндегі премьер-министр Әкежан Қажыгелдин, банкир Мұхтар Әблязов, әкім министрлер Виктор Храпунов ағайынды Рысқалиевтар, генералдар Әлнұр Мұсаев, Серік Күдебаев тағы басқалар ізін суытқалы қашан. Бұл қазір бір сәнге айналды деуге болады. Бұған бәріміздің үйреніп алғанымыз соншалық, ондай оқиғаға мән бермейтін болдық. Бізде қарап отырсақ шетелге қашпаған президенттер ғана қалған екен. Ертең Нұрсұлтан Назарбаев та кітапханасын құлыптап, жеке ұшағына мініп алып, қазағымен қош айтыспай кетіп қалса ешкім таңғалмас анық. Сонда біздің құрылыс қорғаушылар қылмыскерлерді ұстамай қайда қарап отыр? Әлде олардың митингіге шыққан өз адамдарын қамаудан қолы бо-самай жатыр ма? Шенділер халқы тонаған жемқорлар мен ұрыларға қарағанда қоғамдағы, биліктегі кемшіліктерді ашық айтып, алаңға шыққандар қауіптірек деп есептейтінге ұқсайды.

Біздің еліміз қашқын қылмыскерлерді қайтаруға арналған түрлі халықаралық құжаттарға қол қойғаны белгілі. Олай болса алдында аталған қашқындарды неге сирағынан сүйреп әкеліп жауапқа тартпайды? Солардың ешқайсысы таза емес, бәрі де өз халқын тонағандар. Қолы мен ары таза, есі дұрыс адам өз елінен шетелге қашпаса керек. Сондықтан жемқорлыққа қатысты заңдарды 4-5 есе қатайтып, рақымшылыққа жатпайтынды ету керек. Миллиардтап ұрлаған Қайрат Сатыбалдыға небару 6 жыл бостандығынан айыру жазасын тағайындау сияқты шаралар жемқорлық мәселесін шешпейді. Бұл бағытта ұран емес, нақты іс керек. Айта берсек жемқорлықтың жыры ешқашан таусылмайтын шығар. Қазақты кедей етіп, қоғамды кері кетірген бұл «дерттен» қашан айығады екенбіз?..

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕРТІНЕН ҚАШАН АЙЫҒАМЫЗ?

Барлық саланың бүге-шүгесін ақтармай-ақ, тек қана құрылысты алайықшы. Әлем бойынша құрылыс ең маңызды салалардың бірі саналатыны баршаға аян. Өйткені халықты баспанамен қамтамасыз ететін де сол құрылыс компаниялары. Жанын салып тапқан жалақысының жартысын пәтерлікке төлеп, күнін-өзін көріп жүрген мындаған жас отбасыларымыз осы салаға үлкен үміт артатыны да түсінікті. Ұят та болса айтайық, өз елінде баспанасыз болып жүргендердің түгелге жуығы өзіміздің қазақтар. Қазіргі ресми дерек бойынша Қазақстанда 2,5 млн. адам баспанасыз екен. Ал адам санының өсіміне байланысты үйге мұқтаждар саны жылдан жылға бірнеше есеге артуы әбден мүмкін. Бәлен жол кезекте тұрып баспанаға өзер қол жеткізгендердің де жағдайы жетісіп тұрған жоқ. Ипотекалық қарыздарын бала-шағасының аузынан жырып ондаған жылдар бойы төлейтін болады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымды даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің ресми мәліметінше он екі мүшесі сау, тепсе темір үзетін жас адамдарды айтпағанда, 91 мың әлеуметтік жағдайы төмен көпбалалы отбасы, 51 мың бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, 24 мың мүгедектігі бар балалы отбасылар, 61 мың жетім балалар баспана кезегінде тұрған көрінеді. Әрине, бұл өте алаңдатарлық жағдай.

Баспананың жетіспеушілігі оған деген сұранысты өршітіп жіберді. Жалға берілетін пәтерлердің де бағасы шарықтап кетті. Осы баспанаға деген жоғары сұранысы пайдаланған, халық алдындағы, отан алдындағы жауапкершілікті мүлдем жоғалтқан құрылыс саласының былыққа белшесінен батты деуге болады. Жалпы алғанда барлық сала осы құрылысқа байланысты. Баспана ғана емес, кәсіпорындар, жол, су, көріз жүйесі және өзге де құрылыстардың бәрі маңызды. Соның бәрі айналып келгенде осы құрылыс саласына тікелей тәуелді.

есік пен терезе жабылмай қалған. Қала басшылығы үйлерді пайдалануға қабылдағанда қайда қарағандары үлгісіз. Енді сол көпқабатты үйлердің іргетасын бекітумен әлек. Оған қаншама қосымша шығын шығады. Мұндай мысалдарды еліміздің кез келген аймағынан көптеп келтіруге болады.

Түркиядағы апаттан соң біздің елде құрылыс саласын тексеруге сәл де боса назар аударылған секілді. Қарағандыда сот шешімімен көп қабатты жеті үйдің құрылысы тоқтатылды. Себебі, баспаналар алдымен қажетті құжаттарсыз, заңсыз салынған. Ереже бойынша олар құрылысты бастамас бұрын нысан жобасын техникалық сараптамадан өткізуі керек. Сондықтан олардың әрі қарайғы жұмысына шектеу қою үшін сотқа жүгінуге тура келген. Сот әзірге 7 нысанның жұмысын тоқтатқанмен, 9 қабатты екі үй салынып қойған. Сол сияқты Ақтауда мердігердің үй салуға құжаты болмай шықса, акт төбеді кәсіпкер үлескерлерге берген уәдесін орындай алмай шатылып жатыр. Онымен қоса мәселені реттеуге шақырылған инвесторға жер телімін рәсімдемей әуреге салған. Тағы да сол Қарағандыда үлескерлер жаңа баспанаға төлеген ақшасын ала алмай жүр. Құрылысы 2018 жылдан бері әлі күнге аяқталмаған «Британский квартал» тұрғын үй кешенінен бас тартқан үлескерлер енді салған қаржысын қайтара алмай сандалып қалған.

Оған қоса біздің құрылыстарда қауіпсіздік шаралары ескерілмейді. Құрылыс алаңдарында қаншама адам қаза болды. Мысалы жақында Ақмештауда құрылыс краны құлап, 28 жастағы жүргізушісі оқиға орнында көз жұмды. Алып құрылыс техникасы сол жердегі тұрғын үйге құлаған, бір жақсысы, апат кезінде бұл манда ешкім болмаған. Құрылыс маңындағы ырықтар туралы шексіз жалғастыруға беруге болды. Бұл жерде неге осының бәрі жаппай орын алып отыр деген сұрақ туындайды. Енді соған тоқталып көрелік.



рұқсат беретін тендерлер шенеуніктердің майшелпегіне айналған. Тендерде жеңіске жету үшін алдын ала шенеуніктердің, тендерлік комиссия мүшелерінің аузын «майлайды». Бұл қылмыстық параны олар «отқуде» деп атайды. Ал, тендер өткізудің басты мақсат – болашақ нысанды салатын мердігер ұйымның жұмысты атқара алатын әлеуетін анықтау. Демек, мердігер құрылыс компаниясының нысанды сапалы әрі дер кезінде салуға экономикалық, техникалық мүмкіндігі мол, материалдық және қаржылай қуаты жеткілікті болуы шарт. Ал біздегі өткізілетін тендерлерде жұмыс жүргізетін мүмкіндігі шамалы, тіпті қағаз жүзінде ғана бар жалған компаниялар жобалық-сметалық құны миллиондаған, миллиардтаған теңге тұратын құрылыс нысандарының тендерін жеңіп ала береді. Өйткені, олардың билікте отырған қамқоршылары бар. Қамқоршылар құр алақан қалмайды, «қызметі» үшін олар құрылыс нысанына бөлінген қаржының 15-20 пайызын қашып алады. Қағаз жүзіндегі фирма да өз үлесін алып, құрылыс жүргізетін қосымша мердігерді жалдайды. Қосымша мердігер қалған қаржыға құрылыс салады. Сарапшылардың есебі бойынша құрылысқа бөлінген қаржының жартысына жуығы құрылыс салуға рұқсат беретін, жер бөлетін және басқа құзырлы органдарға пара ретінде жұмсалады екен. Қалған қаржы құрылыс нысанын салуға жетімсіз болғандықтан мердігер ұйымдар барынша үнемдеп, арзан құрылыс материалдарын пайдала-

комиссия жасаған қорытынды құжаттарға сәйкес арнайы құрылған мемлекеттік комиссия тұрғын үй құрылысын қабылдайды. Қарап отырсақ құрылыс қадағалау мен бақылаудан кенде емес сияқты.

Бірақ жоспарланып бөлінген қаржының жартысына салынған құрылыста қандай сапа болуы мүмкін. Ондай нысан қалай пайдалануға берілетін? Бұл жерде үйді қабылдану үшін тағы да пара беруге тура келеді. Тапсырыс беруші ұйым (құрылыс бөлімі), Архитектура және қала құрылысы департаменті сияқты мекемелер қала әкімі құзырында. Демек қала әкімдігі де бұл істен хабардар деген сөз. Олар да өз үлестерін алмаса мұндай заң бұзушылыққа жол бермес еді. Яғни, жең ұшынан жалғасқан жемқорлық төменнен жоғарыға дейін орын алған. Бұл туралы министрлер, әкімдер, құқық қорғау өкілдері де біледі. Білсе де білмеген болып көзін жұмады.

Өзіне қарасты мекемелердің жұмысын қадағалап, адал қызмет етсе қолында билігі бар қала әкімі осы былықтың бәрін тоқтатар еді. Бірақ біздің елде ондай әкімдер жоқтың қасы. Өйткені оларды жоғарыдан тағайындайды. Халықтың мұны мен зары олар үшін түк те емес, әкімдер өздерін жарты құдайдай сезінеді. Осыған орай халық та әкімдерге деген сенімін біржолата жоғалтқан.

Көпті көрген, көзі ашық, көкірегі ояу, өмір бойы ұстаздық еткен Қалқаман деген қарияның бір жылында «Осы әкімдер саясаткер ме?» деп сұрақ қойғаны бар жағалай отырғандарға әңгіме арасында.

ШЕТЕЛДІК МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАМЫЗДЫ ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ КЕРЕК

Президент Парламенттің VIII сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Салық кодексі сай болуы тиіс негізгі параметрлерді нақты айқындап берді. Осыған қатысты «Ақ жол» демпартиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтің «Қазақстанская правда» басылымына берген сұхбатын қазақшалап, оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдік.



Салық саясатының жаңа моделі ұлттық байлықтың әділ бөлінуін және экономиканың басым секторларын қолдауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ экономикалық белсенділікті ынталандыруы тиіс. «Ақ жол» демпартиясының жетекшісі Азат Перуашевтің айтуынша, бұл міндеттерді сараланған салық мөлшерлемелерін енгізу арқылы шешуге болады. 2011 жылдан бері «ақжолдықтар» осы мәселе бойынша кемінде 20 депутаттық сауал жасады. Жыл сайын салық заңнамасына түзетулер талқыланды және ұсыныстар енгізілгенмен, Үкімет әрдайым тосқауыл қойып отырды.

— Президент өткен жылы 1 қыркүйектегі Жолдауында жалпы салалық төмендетілген мөлшерлемелерді енгізуді, яғни салық жүктемесін белгілі бір саланың табыстылық дәрежесіне қарай реттеуді тапсырған болатын. Таза табысы төмен адамдар салықты азырақ төлеуі керек. Және керісінше. Бұл әсіресе шағын және орта бизнеске қатысты, — дейді Азат Перуашев.

Бір жағынан, мұндай тәсіл ұлттық табысты әділ бөлуге жатса; екінші жағынан, бюджетті құру тұрғысынан әділ салық жүктемесін қалыптастырады, үшіншіден, мемлекет басым деп санайтын салаларға қолдау жасайды.

— Мысалы, біз бірнеше рет шағын кәсіпкерлік патентіне қойылатын талаптарды қайта қарауды ұсындық. Бұл ереже қазір жылдық айналымы 2 миллион теңгеден аспайтын және жұмысшылар жалдамайтын кәсіпорындарға ғана қолданылуда. Бұл ақымақтық, — деп сабақтады сөзін «Ақ жол» басшысы, — мұндай шектеуде кәсіпкердің ай сайынғы табысы 34 мың теңгені құрайды, яғни ең төменгі жалақының жартысынан да аспайды. Кәсіпкер кем дегенде елдегі ресми орташа жалақы деңгейінде (ал бұл шамамен 300 мың теңге) табысқа ие болуы үшін патенттен түсетін жалпы жылдық табысты 10 есеге арттыру қажет. Сонымен қатар, жұмысшыларды жалдауға рұқсат беру керек, өйткені олар шағын бизнеске де қажет — шаштараз, дәмхана немесе техникалық қызмет көрсету станциясы болсын. Жұмысшы санын шектеуге болады: мысалы, бес адамнан артық емес деп. Егер осы екі фактор — орташа жалақы деңгейіндегі пайда мен бес қызметкерге дейін жалдау мүмкіндігі ескерілсе — патент бойынша жылдық айналым кем дегенде 100 миллион теңге болуы керек. Мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлігін құрайтын корпоративтік табыс салығы (КТС) мен қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемелерін салалық басымдықтар негізінде саралау үшін не істеуге болады?

— Бір қарағанда, кейбір салаларға төмендетілген салық мөлшерлемелерін енгізетін болсаңыз, онда бюджет үшін міндетті түрде шығын болады, бірақ, екінші жағынан, бізде өте жоғары табысты, артық шығын шығармайтын салалар бар. Мәселен, Қазақстанда мұнай-газ компанияларын ашқан шетелдік инвесторлардың ешқайсысы осы жылдар ішінде бірде-бір мұнай өңдеу зауытын салған жоқ! Осы 30 жыл бойы мұнай мен газды шикізат ретінде шетке шығарып, табиғи байлығымыздан табыс та-

уып келеді. Өткен жылы референдум қорытындысы бойынша Конституцияға жер мен жер қойнауы Қазақстан халқына тиесілі деген норма енгізілді. Осыны негізге ала отырып, шетелдік инвесторлармен келісім-шарттарды қайта қарап, осы елге деген инвестицияларын біздің компаниялардың пайдасындағы Қазақстанның үлесін арттыру арқылы ғана емес, сонымен қатар олардың экономикамызды дамытуға қатысуы арқылы ұлғайтуды талап ету керек. Бірлескен кәсіпорындар ашсын не өз жұмысында пайдаланатын машиналар мен жабдықтарды өндіруге патенттер мен лицензияларды берсін. Бұл офсеттік саясатты дамыту үшін үлкен мәселе, — деп есептейді Азат Перуашев.

Оның түсіндіруінше, мұнай мен газды экспорттау кезінде мемлекет инвесторларға олардың өнімдерін сатып алушылар төлеген ҚҚС-ті қайтарады. Яғни, ШОБ, тұрғындар, шаруалар, құрылысшылар — ішкі нарық үшін жұмыс істейтін әрбір адам төлейтін ақшадан мемлекет жер қойнауын пайдаланушыларға қосымша төлем жасайды! Парадокс? Жоқ, бұл әлемдік тәжірибе: ҚҚС дәл тауарды жеткізу орнында төлеу. Бұл ретте ақжолдықтардың пайымдауынша, шикізат экспорттаушылар үшін салынатын КТС-ті қайта қарау керек, өйткені оларға нақты қайтарылған ҚҚС артық пайда болып табылады. Олар мұндай экспорттаушыларға КТС-ті, ең болмағанда, бюджеттен қайтарылатын ҚҚС сомасына, мүмкін одан да көпке арттыруды ұсынады.

Банк ісі де өте табысты сала. Бүкіл елбанктерге қарыздар: барлық кәсіпорындар, бүкіл халық оларға ақылға қонымсыз жоғары пайызбен қарыздарын қайтарады. Және бұл ретте банктер ҚҚС-тан босатылған, ал банктердің бюджеттің кіріс бөлігіне жалпы салымы ауыл шаруашылығына қарағанда аз. Банктер ҚҚС-тан босатылғандықтан (бұл да халықаралық тәжірибе және дұрыс, өйткені олар қосымша құн тудырмайды), онда олар үшін КТС көтерілуі керек.

— Қазірше банктер КТС-ті қарапайым кәсіпкерлермен бірдей төлейді, мысалы, сүт өндірушілер, тігін кәсіпорындары немесе ТБИ зауыты секілді. Бірақ бұл

кәсіпорындардың табыстылығы салыстыруға келмейтіндей төмен және олар ҚҚС төлейді. Ал банктерге оған қоса мемлекет тарапынан жүздеген миллиардқа тең көмектер көрсетіледі. Сондықтан банктерге салынатын табыс салығы әлдеқайда жоғары болуы керек. Қаншалықты жоғары болатынын айту үшін экономикалық есептер жүргізу керек, бірақ қателеспесем, Еуропада бұл шамамен 60% құрайды. Міне, бюджеттің кіріс бөлігін әділ салық салу — сараланған КТС және ҚҚС мөлшерлемелері арқылы қалай көбейтуге болатыны туралы екі мысал.

Президент кешегі сөйлеген сөзінде сараланған салық мөлшерлемелерін енгізу туралы тапсырманы нақтылады, біз жаңа Салық кодексіне теңгерімді фискалды саясатты қалыптастыра аламыз деп сенеміз. Бұл бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтып, экономикамыздың басым салаларын қолдауға мүмкіндік береді», — деп атап өткен Азат Перуашев ақжолдықтардың бұл жұмысты қолға алуға дайын екендігіне сендіреді.

Бірақ салаларға байланысты салалық мөлшерлемелерді енгізу тұрғысынан халықаралық тәжірибеге қайта жүгінуді ұсынамын. Мысалы, Швецияда жалпы ҚҚС 24%, ал ауыл шаруашылығы мен тамақ өнімдерін өндіру үшін — 0%, балалар ойыншықтары мен киімдерін өндірушілер үшін — 3-5%, фармацевтика, құрылыс және тұрғын үйлерді жөндеу үшін — 6-8% құрайды.

Салық мөлшерлемелерінің мұндай дифференциациясы, бір жағынан, тұтыну тауарларының, ең алдымен, азық-түлік пен киім-кешек бағасының өсуін тежеуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, кәсіпкерлер бизнеске белсене араласып, табыс тауып, ұлттық табысқа үлес қосуы керек.

Азат Перуашевтің айтуынша, Қазақстанда азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп, кешенді машина жасау және аспап жасау, ауыл шаруашылығы, IT-технологиялар, фармацевтика, тұрғын үй құрылысы салаларын басым бағыттарға жатқызылуы мүмкін. Салық мөлшерлемесінің төмендеуі олардың дамуына жақсы ынталандыру болады.

— Салық салуда инвестициялық жеңілдіктер жасау арқылы іскерлік белсенділікті ынталандыруға болады. Егер кәсіпкер бизнес ашып, жұмыс орындарын ашып, бюджетке салық төлесе, онда, мысалы, Германияда және басқа да Еуропа елдерінде салықтарды есепке алу арқылы белгілі бір мерзімге инвестицияның 50% дейін оған қайтарылады. Қазақстанда да мұндай инвестициялық артықшылықтар енгізілуі керек.

2016 жылы біз оларды Кәсіпкерлік кодекске енгіздік, бірақ екі жылдан кейін шенеуніктер оларды жойып тастады. Біз Үкіметпен бірнеше рет дауластық, бұл жеңілдіктерді қайтарып, сондай-ақ ШОБ үшін қайта инвестициялауға бағытталған пайданы салықтан босатуды кеңейту керек екеніне сенімдіміз. Кәсіпорын алған табысты өндірісті жаңғырту мен кеңейтуге, одан әрі өндіріске қажетті жаңа құрал-жабдықтарды, негізгі қорларды, шикізаттар мен материалдарды сатып алуға бағыттаса — пайданың бұл бөлігін КТС салығынан босату керек — дейді партия жетекшісі — бүгінде мұндай артықшылық тек ірі бизнеске беріледі.

Мұндай ынталандыруларды шағын және өсіресе орта бизнес өкілдері де пайдалана алуы қажет деп санаймыз. Бұл бизнестің өркендеуіне, шағын кәсіпорындардың орта, орта кәсіпорындардың ірі кәсіпорындарға біртіндеп көшуіне жағдай жасайды. Өйткені, инвестиция дегеніміз — жаңа зауыттар, жаңа өнімдер, жаңа жұмыс орындары, бюджетке жаңа салықтар.

— «Ақ жол» партиясы шағын және орта бизнесті дамытуға, экономиканы монополиясыздандыруға әрқашан ерекше көңіл бөліп келеді. Біздің көптеген ұсыныстарымызға Үкімет тарапынан жылдар бойы тосқауыл қойылды. Бірақ Қасым-Жомарт Кемелұлының келуімен олар парламенттік оппозиция туралы, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы, сараланған салық ставкалары асуыра заңдардан бастап жүзеге асырыла бастады. Біздің көзқарасымыз, ұстанымдарымыз Президент жүргізіп отырған саясатпен үндес екенін көріп, олардың жүзеге асуына өз үлесімізді қосамыз.

«Қазақ үні»

ЖАНАРМАЙ ҚЫМБАТТАСА ХАЛЫҚТЫҢ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОПТАРЫН ҚОРҒАУ ҚАРАСТЫРЫЛСЫН

«Ақ жол» жанар-жағармайдың қымбаттауына байланысты жағдайы төмен отбасылар мен әлеуметтік тауар өндіретін ШОБ-қа қолдау көрсетуді ұсынды. Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын Асқар Садықов жариялады.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА

Энергетика министрлігінің жанар-жағармай бағасының көтерілетіндігі туралы мәлімдемесі халықтың үлкен наразылығын тудырды. Сонымен қатар, нарықтық экономика жағдайында бағаны жасанды ұстау шетелдік және көлеңкелі субъектілердің ішкі жанар-жағармай нарығын тауысуына алып келеді, бұл ұлттық экономикаға тікелей залал келтіреді. Көрші елдерге жанар-

жағармай экспортының артуы жағдайында тапшылықты болдырмау үшін бағаны теңестіру амалсыз, бірақ прагматикалық шешім болғанын мойындауымыз керек.

Дегенмен, Үкімет қосылған құн тізбегіндегі бағалардың, ең алдымен коммуналдық қызмет тарифтері мен ауыл шаруашылығы өнімдері мен халық бағасының өсуіне қатысты бар тауарлардың бағасының өсуін салаларын ескермей, бұл мәселеге жартыкеш келді деп есептейміз. Мұндай тәсілмен жанар-жағармай бағасының көтерілуі халықтың аз қамтылған топтарына, сондай-ақ ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне, шағын және орта бизнеске зиянын тигізеді.

Жанар-жағармай материалдарының баға құрылымы өз алдына бөлек мәселе. Мысалы, Ресейде бір литр бензиндегі шикізат құны 12 пайызды, ал 69 пайызын салық пен акциздер құрайды. Яғни, жанармай табысы бірінші

кезекте бюджетке түседі. Қазақстанда бензин бағасы бойынша шикізат құны 58%, ал салық бар болғаны 15%, яғни, бізде бағаның көтерілуінен пайда көріп отырған мұнай компаниялары мен делдалдар. Мемлекет басшысы К.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде мұндай делдалдар анықтап, бұнысын шектеуді талап етуі керек емес. Бұл бақылаушы органдар айналысуы тиіс мәселе!

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» фракциясы мыналарды ұсынады:

1. Жанар-жағармай бағасын көтеру туралы шешімді халықтың аз қамтылған топтарын қорғау шараларымен толықтыру, атап айтқанда, осы тізбекке байланысты шығыстар (коммуналдық қызметтер, көлік) үшін адресі жәрдемдік төлемдерін енгізу мүмкіндігін қарастыру.

2. Әлеуметтік маңызы бар тауарларды

(азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім және аяқ киім) өндіретін шағын және орта бизнес пен агроөнеркәсіп кешені өкілдері үшін жанар-жағармай бағасының өсуіне байланысты (энергия және көлік шығындарына) белгіленген тарифтер енгізу мәселесін пысықтау.

3. Мұнай-газ саласындағы делдалдық фирмаларды анықтап, қызметін шектеу бойынша шаралар қабылдау.

4. Сонымен қатар, жанар-жағармайды шығарудың шектелмеуімен қатар, нарықтағы сұраныстың төмен болуына байланысты мұнай өнімдерінің нафта, пеш және кеме жанармайы сияқты түрлерін экспорттауға рұқсат беру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз.

Құрметпен, «Ақ жол»
фракциясының депутаттары
«Ақ жол» демократиялық партиясының
баспасөз қызметі

Тәубә, тәу етер Тәуелсіздігіміз бар. Әлімсақтан арман еткен азаттығымыз қолымызда. Дөңгеленген дүниеде дүрбімен көз төртпесте тұрған дербестігіміз жерімізге бұлақтан өткен-айы сол, есін жиып, етегі жапқан егемен елімізде сумаңдап жау, сұғынған қол келмесе де, ішімізден ірітіп, ішік тонымызды шірітіп жатқандар жетерлік. Отбасы, ошақ қасын ұйыта алмайтындар елге ақыл айтып «әлек». Ел ішінде жүргесін, мұндайларды күнде емес, сағат сайын кездестіріп, айран-асыр боп аңтарылып қалатынымызды несіне жасырайық. «Кеңес тұсында ас та төк заман еді, не ішеміз, не жейміз... деген мәселе жоқ-тын» деген «ізгі» ниеттілердің пиғылын аңдағанда жаға ұстаймыз. Мұның бәрі құлдық сана екенін бейбіт күнде түсіне алмай жүр ме деген ойға қаласың. Жә, әңгімені әріден бастайықшы.

лар кеңесінде қабылдаған тезисте: «Кіші халықтарды үлкен елдердің жаулап немесе қосып алуының қай-қайсысы болсын объективті прогресшіл факт (отарлық) деп ашық көрсетті. Әңгімеіміздің басында айтқанымыздай, «аста-төктің» артында сайқал саясат тұрғаны осыдан-ақ белгілі. Мұны көрген дана Абай:

«...Қарыны тоқтық, қайғысы жоқтық аздырар адам баласын» деп күйінді. Есті сөзге тоқтайтын есті құлақ қайдан? Өттегені сол, Алаш арыстары осынау қасіретті сізген еді. Әйткенмен, патшалық Ресей елдің егесі хәм шегесі болатын азаматтарымызды жатып ішер мешеу қылды.

Мұнда да хакім Абай:
Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл керден наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан адамның, — деді.

сында сыбырлаған «сайтан ойын» саралаңыз. «Арилерден өзге жұрт адам емес!» дегені террористік теория емес пе? Салқын түннің қалың шығындай бір сәтте фашизм жалпақ жұртты жайпады. 50 миллион адамның өмірін жалмады. Елдің аймандай азаматтары «Халық жауы» боп шыға келді. Ауқаттыларынан құтылды. Оның салдары — ашаршылық. «Сорбұлақтың басындағы сорды» Голошекин жалғап әкетті. Басын тауға да, тасқа да соққан қазақ енді құзғынның тырнағына ілінді. Тарихта «Кіші қазан төңкерісін» сол сайтан ойын «ойнақтату» арқылы жасаған Голошекин тағы да жазықсыз миллиондардың қанын мойнына арқалады.

Жылдар жылжыған сайын суылдай соққан суық жел елімізді тондырғаны былай тұрсын, көрімізді қазуға күрек ұстатты. Қаймақтарды қырып алды, ауқаттыларымызды аударып салды. Не керек, большевиктік төңкерістен



КАСПИЙ ГАМБИТИ: ПЕШКАНЫ БЕРІП, ЛАДЬЯНЫ АЛУ

Тоқаев қоятын мат хәм Ильхамның қазаққа әсері. Немесе Ильхам Әлиев Әлиевтердің (Рахат Әлиев, Арыстанбек Әлиев, Әли Әлиев) ішіндегі қазаққа жақсылығы ең көп сіңген Әлиев болуы мүмкін. Ол үшін бір қадам жасау ғана қалды.

Астанада шахматтан әлем чемпионатының екінші күні өтуде. Атақты гроссмейстерлер Ян Непомнящий мен Дин Лижень 14 партия ойнайды. Кешегі алғашқы партия тең аяқталды. Кім жеңетіні белгісіз.

Бірақ нағыз шахмат партиясын бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев жасайды. Қарама қарсы емес. Екеуі де ақ фигура жағында. Екеуі бір команда. Өткенде Бакуде Кремльге шах қойылды. Енді Астана кездесуі матпен аяқталатын сияқты.

Назарбаев Еуропа есігін Ресей арқылы 1996 жылы ашқан болатын. Араға 27 жыл салып, Қасым-Жомарт Кемелұлы Еуропаға жаңа есікті Әзірбайжан арқылы ашайын деп тұр. Ескі есіктің сықыры көп еді. Қайта-қайта жабыла берді. Енді жаңа есікке 19 миллион қазақтың үміті артылып отыр.

Қазақстан Ресейді Каспий теңізінің үстімен айналып өтіп, өзі тікелей Еуропаға шықпақ. Ол Әзірбайжансыз жүзеге аспайды. Себебі, Ақтаудан танкер/паромға тиелген жүк Бакуге барады. Қазір еліміз осы Орта дәліз (Миддл коридор) деп аталатын транзит жолына баса мән бере бастады. Әзірбайжанмен бірлесіп, Жол картасы жаралғандықтан, онда Ресейге логистикалық тәуелділіктен құтыламыз.

Ол нақты қандай жұмыстар?

Бізге Қытайдан Каспийге баратын темір жол составтарының санын аптасына 24-тен 120-ға дейін өсіру керек. Ол үшін Ақтау портында жаңа контейнерлік хаб құрылысын бастасқын. «Достық — Рейстеры» теміржол учаскесінде екінші желіні салынады және Алматыны айналып өтетін темір жол жасалады. Сонда Қазақстан-Қытай көлік дәлізінің өткізу қабілеті 5 есеге өседі. Ал танкерлер флоты үшін Ақтау және Құрық порттарында тереңдету жұмыстары жоспарланды.

Болашақта Миддл коридормен жылына 5 миллион тонна мұнай тасымалдай алсақ, басқа да диверсификация перспективалары ашылады.

Тағы бір тәтті бонус. Каспий теңізінен түбімен оптоволокон тартылады. Сонда Қазақстан интернетке Ресей арқылы емес, Еуропа жақтан шықпақ. Ол қазіргі жылдамдықтың үш есе көбейетінін айғақтайды. Бұл енді мат.

Екі елдің өзара тауар айналымы 500 миллион долларға жеткен. Әрине, көп емес. Бірақ ішкі нарықтарымыз азғантай. Сондықтан біз транзитке көп елендейміз.

Шахматтан әлем чемпионатын қабылдап жатқан Астана гроссмейстерлер отанына айналып отыр. Бірақ, ең мықты гроссмейстердің Акорда төрінде отырғанын ұмытпауды керек. Егер «Каспий гамбиті» ойдағыдай орындалса, бұл тарихта қалатын жүріс болады.

ҚҰЛДЫҚ САНАДАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?..

Бізді көршілес империя отарлады? Әбілқайырдан басталған саясат екі ғасыр бойы ұлт санасын сілкіледі. Аттың жалында, түйенің қомында түнеген бабаларымыз жонғарлармен, оңтүстіктегі Орта Азия хандықтарымен тізе бүкпей тіресті. Қазақтың 1723-1730 жылдардағы Отан соғысынан кейін қарсы элитасы сыртқы жаулардан қорғануда Ресей империясының «қамқорлығын» қабыл алуға мәжбүр болды. Отарлық саясат сол сәттен басталды.

19-шы ғасырдың 20-шы жылдарында өлкені басқару жөніндегі арнайы заңдарын шығарып, ішкі Ресейдегідей тәртіп енгізді, қазақ елін империяның әкімшілік жүйесіне түбегейлі қосты. Жылдар желеуі желбіреген сайын халық санасында өзгеріс пайда болды. Бұрынғы жақсы қасиеттерінен алыстап, билік өкілдеріне жағыну үшін өтірік сөйлеу, жала жабу белең алды. Мұның бәрі құлдық сананың көріністері. Осы тұрасында Хакім Абай:

«Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас іздеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап, —
дейді бір өлеңінде.

Қазақтың қашан да қасқыр мінез, жолбарыс жүректі ұлт болғанын жиі айтамыз.

Өкініштісі, патшалық Ресей сол турашыл қазақты жағымпаздыққа, халқына опасыздық жасауға үйретті. Салдары көз алдымызда: ұлтын сататын опасыздар, дүниекоңыз дүдәмалар, тасжүрек ана, қоқыстағы бала, безбүйрек әке жаңбырдан кейінгі сансырауқұлақтай қаптады. Ол аз десеңіз, ешкімнің ала жібін аттамаған алаш ұрпақтарын жалған ақпар беруге, сұғанақтыққа, бауқеспелікке, еңбек майданында көзбояушылыққа үйретті. Кеңес тұсында ет комбинатындағы еңбекшілер тауыттардан ет, сүт ұрлап машықтанды. «Көктерді қыранды жердегі жем ұятқа қалдырады» демекші, тауда туып, тасында түлеген баһадүрлер ұрпағы құлдық сананың кесірінен құрып бара жатқан ұлтын емес, қуыс құлқынын ойлап әдеттенді.

Халықтың шырайы, ұлттың ұяты болған қыздарымыз жезөкшелікке салынды, қазақ болмысында жоқ қарттар үйі қаптады.

Ол аздай, сонау 1944 жылы 10 сәуірде Мәскеуде тарихшы-



Осы арада тіпті, ұлтымызды ғұрпынан айырды, ата-дәстүрінен алыстатып, тамырынан ажыратуды көздеді. Тіпті, генерал-губарнаторларды «жарты құдайға» айналдырып көкке көтерді.

Не керек, түмен сөзге тоқтаған текті халық отарлық жетпіс жылда астауы мол, дәмі жоқ ас ішіп, сабаны көп, дәні жоқ күй кешті.

Осынау құлдық сана қамытын күні бүгінге дейін шеше алмай келеді. Масылдыққа еті өліп, құлқынның қамын құйттеп әлек. Яки, санамыз тәуелсіздік алмады.

Сана тәуелсіздігі демекші, жуырда Смағұл Елубайдың «Қылмыс қайдан шығады?» мақаласын оқыдым. Жазушы бұл сұраққа өзі төтесінен жауап беріпті: «Адам санасына сайтан салған ойдан шығады» — депті ол.

Рас-ау. күнгірт ойлар сайқал саясатқа айналып, елімізді талан-таражға түсіргеніне тағы да тарих таразы. Сонау ХХ ғасырда Маркстің маңдайынан жел ескен, Ленин, Сталин, Мао, Пол Поттардың жазушы жүз қанды «сайтан салған ойлар» айтқан миллионнан астам жазықсыз жандарды жаһаннамға жіберді. Тіпті, теріс идеологиямен санасын тілімдеп, ата дініне тас аттырды. Оған дәлел десеңіз айтайын: «Дін — апиын» деген сол Маркстің теориясы емес пе? Жойқын соғыстарда жаназасыз бақилық болған миллиондардың сүйегінің үстінде «сайтан ой ойнақ салды». Сөйтіп, ХХ ғасыр тарих беттерінде қанды кезең боп қалды.

Ол аз десеңіз, Гитлердің сана-

кейін Түркістанды басқаруға келген Иван Тоболін қазақ даласындағы ашаршылықты көріп: «Маркстік теория тұрғысынан келгенде қазақ тәрізді экономикасы артқа қалған халықтың аштан қырылып жатуы заңдылық» деп мырс етті. Әрбірі келіп елді сайтан ойымен буындырған арқанның түйінінде тұншығып кеткен шер-мұңды білмеді-мыс сол Тоболін? Мұның өзі еркіндікке шөлдеген елдің айылын жимай, рухын тұншықтырып, санасын улаудың әрекеті-тің.

Хош, тағдыр талайында сан сүріндік, сан құлады, сонда да ақ сәулесін шашқан арманымыздан адаспадық. Көкбөрідей көкке қарай ұмтылды. Досымызға құшақ аштық, дұшпанымызға қанды қылыш тостық. Сөйтіп, егемендігімізді алдық. Жер асты кенге, жер үсті төлге толған осынау ұлан-ғайыр өлкенің бүгінгі иесі де біз, киесі де біз: Біртұтас ұлт, берекелі қоғам, Әділетті де қуатты мемлекет!

Ендігі мәселе жалғыз: ақ найзаны қолға алып, шекарамызды қанымен сызғаны, қабырғасымен уығын қадап, даналығымырға дауды шешкен дала данышпандарының жолын жалғау.

Түйінінде ойдан ой қозғайық: еркіндік еркінсу емес, еркін сөйлеу. Ендеше, Шәкәрім айтқандай, «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбекті» серік етейік! Дала тәуелсіздігін мәңгілік мұратымен арналастырып, әділеттілікті аңсасақ, сана тәуелсіздігін алатын күн туды.

Қайнар ЖҰМАҒОЖА

Айбар ОЛЖАЕВ

Біз мектеп қабырғасында оқушы кезімізде географиядан беретін ағай тақта алдында шабыттана, біздің елімізде, яғни «Қазақстан Республикасында жер асты қазба байлығы орасан, ал жер үсті табиғаты таңғажайыптарға толы дегенде кеудемізді ерекше мақтанш сезімі кернейтін. Сөйтсек жер асты қазба байлығына жергілікті халықтың мүддесін қорғайтын билігі болмаса «түлкінің терісінің қызылдығы өзінің соры» демекші шетелдіктерге сатылған кен орындары жергілікті халыққа орны толмас кесапат әкеледі екен. Шетелдік «жарылқаушы» қазба байлықтың ең құнарлы қаймағын сыпырып әкеткен соң, артына үңірейген көмусіз шахта, мұнай сорғалаған скважина, ластанған жер, су, ауа, жұмыссыз қара халық, даусыз дертке шалдыққан ұрпақ секілді сансыз проблемаларды қалдырып, «іс бітті, қу кетті» деп тайып тұрады екен. Қара халыққа қазба байлықтан ештеңе бұйырмайтынына анық көз жетті. Екінші жағынан, ешқандай қазба байлығы жоқ елдер, өз патриоттарының интеллектуалдық жетістіктері арқылы халқының күн көрісін таңқаларлық деңгейге жеткізеді екен.



Ал, сол білім, өнертапқыштық қазақта қандай деңгейде деген заңды сұрақ туады. Сәуірден бесінші жұлдызы – миллиардтан бір адамға ғана кездесетін ғажайып талантты, қазақтың техника саласының Наполеоны болуға тиіс, бірақ сол саланың шенділерінің айтқанына көніп, айдауына жүрмегендіктен, екіншіден, ойлап тапқан жасалымына шенділерді қосалқы автор етіп «мінгестірмегендіктен» Мәскеу ғалымдарымен отыз жыл, егеменді аталатын жабайы казак капитализмінің ғалымдарымен он бес жыл айкасып, бойкүйез қазақтан түңіліп, көрсоқыр қазақтан жеңіліп, соңына «Арпалыс» атты дастан қалдырып, өмірден ер-тұрман бүтінделмей армандан өткен оныртқан қазак Сейілбек Қышқашұлының дүние есігін ашқан күні. Секеннің қандай жарақтар ойлап тапқанына, өміріне қызығушылар жауапты «Арпалыс» дастанынан табады. Ал, оның өмірі, шын мәнінде де тұным түрған арпалыс! Сейілбек көкеміз мектепті алтын медальмен, Алматы тау-кен институтын (бүгінгі техникалық университет) жоғары бағаға тәмамдаған азамат. Бізде қарапайым пенде мектепті алтын медальға, институтты қызыл дипломға бітірген бала өмірде үлкен жетістіктерге жетеді деп ойлайды. Шын өмірде бәрі басқаша, комсомолдан көтеріліп, қалған оқуды «күн көсем» сияқты сырттай тәмамдаған батыраштар, кез келген талантты ерді қосбада тосып алып, тобықтан қағып, жаһаннамаға жіберуге дайын тұрады. Сейілбек Қышқашұлы – ол атақ, дерек, мол ақша жолындағы аламан шабыста, қызыл танау боп дидарайнаның (телевизор сөзін ол кісі осылай атаған) төрінен түспей сұңқылдап сұхбат бергіштерден емес еді. Ол туралы «Қазақстанская правда» газетінің тілшісі Кривококов: «Много лет он ведет бесплодную переписку, обращается в разные ведомства, пишет в различные станции, требует... чего он тре-

бует, чего он добивается? Более просторной квартиры? Льготной путевки в дом отдыха, каких-то материальных благ? Нет он для себя ничего не просит» деп жазған еді. Ө.Ақжігіттің Секене арналған «Миллиард ішінен бір жалғыз» деген көлемді мақаласы «Евразия.кз» апталығының үш нөміріне шыққан болатын. «Ал «Караванның» тілшісі Ковалев өз мақаласында Сейілбек Қышқашұлының Қазақстан үшін қандай жарак ойлап тауып, өліп-өшіп жүргенін, бірақ оларды Қазақстанда ешкім керек қылмайтынын айта келіп: «Мы живем в мире большая и сильнейшая часть которого хотела бы в предвидеть нас слабыми, зависимыми, продалжающими ежегодно тратить миллиарды, на покупку за границей техники, продукты питания, им не нужен сильный Казахстан, он нужен Кишкашеву» деп жазды.

Секеннің жолы болмауының басты себебінің бірі – жұмыс істеген жеріндегі өзге дейін ешкім тіс жармаған өтіріктер жайлы ашық баяндауы. «Бір бөлмеде отырған соң амыл жоқ олардың сөздерін естисің. Ол кезде «хоздоговор» деген болатын. Ғалымдар үшін де, ғалым болғысы келетіндер үшін де табылмайтын бір нәпақа. Нәпақа дейтініміз, жұмыс шын жұмыс емес өтірік жұмыс, біреуі ғалым, біреуі ғалым емес екі адам екі мекеменің атынан біреуі «бізге мынандай жұмысты пәленше уақытта пәлен сомға істеп беріңіздер» деп, біреуі иә ондай жұмысты «пәленше уақытта пәлен сомға істеп береміз, міне осыны «хоздоговор» дейді. Ал оның өтірік болатыны – қампиган томның іші толған айта-айта ақжем болған, жаза-жаза жауыр болған «ғылыми» сөздер, «ғылыми» тұжырымдар болады, бірақ оның ғылымға да, өндіріске де түк пайдасы болмайды, тек «договор» жасасқан екі адамға ғана пайдалы болады, ғалым, болмаса ғалым болғысы келетін, ал ғалым болса атағын

өсіргісі келетін өндірістің бастығы жаңағы өтірік жұмысты не кандидаттық не докторлық диссерта етіп қорғайты. Оны өтірік ғалымдар қаптап отырған ЖАК (жоғарғы аттестациялық комиссия) бекітеді. Ал жаңағы өтірік ғалымға көмектескен өтірік ғалым болса, тегін ақшаға кенеледі. Тегін ақшаға кенелетіні, ол өтірік жұмысты өзі істемей «құлдар» істейді. Құлдар деп отырғаным оның қарамағындағы «мнс»-тер мен «снс»-тер («Арпалыс», 68 бет).

